

## Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы мемлекеттік шекараны делимитациялау жөніндегі ниетке қатысты ХАТТАМА

ХАТТАМА 1998 жылғы 12 қазан Алматы

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Президенттері, екі мемлекеттің егемендігі мен аумақтық тұтастығын құрмет тұту принциптерін негізге ала отырып, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1992 жылғы 25 мамырдағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шарттың ережелеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1998 жылғы 6 шілдедегі ХХІ ғасырға бағдарланған мәңгілік достық пен одақтастық туралы декларацияға адалдығын сақтай отырып, өздерінің мемлекеттік шекараларын сенімді түрде қорғауы үшін егеменді мемлекеттердің қажетті шаралар қабылдайтын ажырамас құқығын тани отырып, тиісті шекаралық, кедендік, көші-қондық, фитосанитариялық және бақылаудың басқа да жалпы жұрт таныған нысандарын қамтамасыз ету мақсатында қазақстандық-ресейлік шекарадағы режимді тәртіпке келтіру қажеттігін назарға ала отырып, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы шекараның өтуі туралы қазіргі бар заң шығару құжаттарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы мемлекеттік шекара белгіленген өткізу пункттері арқылы екі мемлекет азаматтарының визасыз жүріп-тұруы үшін, көлік құралдарының, жүктері мен тауарларының қозғалысы үшін ашық болатындығын атап көрсете отырып, өз мемлекеттерінің Үкіметтеріне тапсырады:

1. Шекараны делимитациялау және тиісті мемлекетаралық шартты әзірлеу жөніндегі қажетті іс-шараларды жүзеге асыру үшін делегация құрылсын.

2. Делегациялар Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы мемлекеттік шекараны делимитациялау жөніндегі келіссөздерге 1999 жылы кіріссін.

Алматы қаласында 1998 жылғы 12 қазанда әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі дана болып қол қойылды.

(Қолдары)

М а м а н д а р :

Қ а с ы м б е к о в            Б . А .

Багарова Ж.А.